

"Тестілеуді өткізу ережесін, Тестілеу программаларын және Тестілеу нәтижелерінің шекті мәнін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 21 қаңтардағы № 02-01-02/11 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 11 қаңтардағы № 06-7/4 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8273 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/33 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 19.03.2013 № 06-7/33 бұйрығымен (бірінші рет ресми жариялағаннан бастап қолданысқа енгізіледі бірақ, 2013 жылғы 26 наурыздан ерте емес).

Тестілеу рәсімдерін өткізудің және тестілеу программаларын жетілдірудің қауіпсіздігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тестілеуді өткізу ережесін, Тестілеу программаларын және Тестілеу нәтижелерінің шекті мәнін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 21 қаңтардағы № 02-01-02/11 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5113 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 6, 2008 жылғы 10 маусымда жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілген Мемлекеттік қызметшілерді және бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткер азаматтарды тестілеуден өткізу ережесі: мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Тестілеу рәсімдерін техникалық қамтамасыз ету Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығымен жүзеге асырылады.».

2. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Төраға

А. Байменов

